# *"Platonus" ААЖ-де Ағымдағы үлгерім журналын толтыру жөніндегі Нұсқаулық*

"Platonus" ААЖ-ндегі Ағымдағы үлгерім журналы (АҮЖ) білім алушылардың бағаларын қоюға, жинақтауға, көруге мүмкіндік береді.

Оқытушы өзіне бекітілген электрондық журналдармен жұмыс істеуге құқылы. АҮЖ-на аттестаттаудың келесі түрлері бойынша бағалар қойылады: ағымдағы, аралық (АБ1, АБ2) және қорытынды бақылау.

**Дәрістердің, зертханалық, практикалық/семинар сабақтардың** ағымдағы үлгерімінің журналдарында оқытушы **апта сайын** ағымдағы бақылау бойынша баға қоюға міндетті. Егер силлабусқа сәйкес ағымдағы аптада бақылау көзделмесе, онда АҮЖ-нда (АҮЖ кестесінің жоғарғы жағында) оқытушы - "Бақылау көзделмеген" (Н.П.) командасын таңдай алады. Әрекет "Сақтау" командасымен аяқталады.





Ағымдағы бағалар, АБ1, АБ2 бағалары, қорытынды бақылау бағалары АҮЖ-на қойылады және ҚОРЫТЫНДЫ бағаны есептеуде ескеріледі.

Төменде есептеу үлгісі келтірілген:

1) (АғБ+АғБ….+АғБ)/N= АғБ1
2) (АғБ+АғБ….+АғБ)/N= АғБ2

*N – бағалар мен «жж» саны.*

3) (АғБ1(дәрістер)*үлес салмағы +АғБ1 (практик/семинар)* үлес салмағы+ АғБ1 (лаб.сабақтар)* үлес салмағы)/ N = АғБ1 ЖАЛПЫ.
4) (АғБ2(дәрістер)* үлес салмағы +АғБ2 (практик/семинар)* үлес салмағы + АғБ2 (лаб.сабақтар)* үлес салмағы)/ N = АғБ2 ЖАЛПЫ.
   *N – сабақ түрлерінің саны*

5) АғБ1 ЖАЛПЫ+ АБ1 = Р1
6) АғБ2 ЖАЛПЫ+ АБ2 = Р2

7) Р1+Р2=ҚР (қолжетімділік рейтингі)
8) ҚР*0,6+Экз*0,4= қорытынды баға.

Үлгерімді ағымдағы, аралық, қорытынды бақылау кезінде білім алушылардың оқу жетістіктері силлабуста көрсетілген әрбір бақылау тапсырмасы үшін 100 балдық шкала бойынша

("0%"-дан "100%"-ға дейін) бағаланады. Тапсырма орындалмаған немесе сапасыз, толық орындалмаған жағдайда оқытушы АҮЖ-на 0-ден 49%-ға дейін ("қанағ-сыз") тиісті мәнді қоюға құқылы.

Тек осы жағдайда ғана барлық білім алушылардың үлгерімі объективті бағаланатын болады (мысалы: білім алушыларға үш тапсырма берілді.

Адал білім алушы барлық тапсырмаларды орындап, олар үшін мынадай бағаларды алды: 75%, 80% және 82%, бұл ағымдағы бақылау үшін орташа бағаны – 79% құрайды.

Адал емес білім алушы тек екі тапсырманы орындап, 80% және 75% баға алды, бұл ағымдағы бақылау үшін орташа бағаны – 77,5% құрайды.

Бірақ, егер АҮЖ-на орындалмаған үшінші тапсырма үшін "0%" енгізілсе, онда адал емес білім алушының ағымдағы бақылау үшін орташа бағасы төмендейді және – 51,6%-ды құрайды).

МАҢЫЗДЫ! Бағалар **академиялық күнтізбеге сәйкес белгіленген мерзімде** оқу қызметінің барлық түрлері бойынша қойылады:

- аудиториялық сабақтар: пәндер бойынша,

-аудиториядан тыс: МҒЗЖ, ДҒЗЖ, ЗП, оқу, өндірістік, дипломалды, педагогикалық практика және т.б.

Сабақтардың барлық түрлерінің (**дәрістер, зертханалық, практикалық/семинар сабақтар**) ағымдағы үлгерім журналдарында білім алушылардың **сабаққа қатысуын** есепке алу жүргізіледі.

Білім алушы сабақта болмаған жағдайда АҮЖ-на **"н"**/ **"ж"** мәні қойылады.

Емтихан кезінде білім алушы болмаған жағдайда АҮЖ-на **міндетті түрде**: "отс.(ув.)" немесе "отс.(неув.прич)" мәнін көрсету керек.

Ағымдағы үлгерім журналдарында білім алушылардың тізімдік құрамы сәйкес келмеген не АҮЖ-нда басқа да сәйкессіздіктер болған жағдайда, оқытушы түзетулер енгізу үшін академиялық кезең басынан бастап екінші оқу аптасынан / факті анықталғаннан кейін үш жұмыс күнінен кешіктірмей Эдвайзерге немесе Тіркеуші кеңсесіне жүгіну қажет!

Академиялық ұтқырлық бойынша (басқа жоғары оқу орындарына кеткен), тағылымдамадан өтуші білім алушылардың Т.А.Ә. ағымдағы үлгерім журналдарында сақталады. Ағымдағы бақылау, АБ1, АБ2 кезінде оларды аттестаттау кезінде оқытушы қашықтықтан оқыту нәтижесінде алынған бағаларды қояды (егер бұл білім алушының ЖОЖ-мен болжанса) немесе **"н"**/ **"ж"** қояды. Емтиханға баға қою кезінде электронды журналда дұрысын таңдаңыз: "отс.(ув.)"/"отс.(неув.прич)". Білім алушы келгеннен кейін құжаттар негізінде қорытынды бақылау бағасын алу үшін АҮЖ-на қолжетімділік ашылады.

**АҮЖ толтыру бойынша қадамдық нұсқаулық:**

1. Оқытушы өзінің логин және құпия сөзі арқылы жүйеге кіреді, бағаларды қою үшін «Ағымдағы үлгерім журналы» бөліміне өтеді (Сурет 1);




Сурет 1

2. «Ағымдағы үлгерім журналы» бөліміне өтекеннен кейін негізгі жұмыс аймағында осы оқытушыдан оқитын оқу ағыны, оқытылатын пәні, тобы, сабақ түрі, аптасы көрсетіле отырып, топтардың тізімі пайда болады (Сурет 2);

Егер тізім пайда болмаса, тиісті аймақтарда ағымдағы «Оқу жылын» және «Академиялық кезеңді» көрсету керек.




Сурет 2

3. Таңдалған ағымның/топтың АҮЖ-на қолжетімділік алу үшін тышқанның көрсеткішімен оқу ағынының атауына басу керек (Сурет 2).

Нәтижесінде білім алушылардың тегі мен оқу аптасы көрсетілген кесте түріндегі журнал пайда болады (Сурет 3).




Сурет 3.

5. Егер оқытушы ағымға сабақ беретін болса, бөлек топтың журналын таңдау үшін журналдың оң жақ жоғарғы бөлігінде орналасқан «Топ» ашылмалы тізімінде таңдау жасауы қажет (Сурет 4).



(Сурет 4)

Бағаларды қою үдерісі аяқталғаннан кейін оқытушы бағаларды «Сақтау» командасын басуы қажет.